



Силлабус

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер», «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер», «Гигиена және эпидемиология» кафедралары Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми-білімдер» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы «БВ10117- Стоматология» Білім беру бағдарламасы

1	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: КЕЕGB 1102	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пәннің атауы: Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер	1.7	Курс: 1
1.3	Реквизитке дейінгі: -	1.8	Семестр: 1
1.4	Реквизиттен кейінгі: Қазақстан тарихы, Философия, Психология және мәдениеттану, Әлеуметтану және саясаттану	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: ЖБП	1.10	Компонент: ТК
2	Пәннің мазмұны		
	Құқық негіздері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экономика, ғылыми зерттеулер және экологиялық қауіпсіздік туралы түсінік. Құқық теориясының және экономиканың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің, ғылыми зерттеу әдістерінің, экологиялық ғылым негіздерінің жалпы мәселелері. Мемлекет және құқық теориясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, экономикалық білімдер негіздері, ғылымдар методологиясы, жинақтау әдістері, ғылыми мәліметтерді жариялау және талдау, адам және қоғамның экологиялық қауіпсіздігі.		
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу +	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
	Экономикалық, құқықтық, экологиялық және ғылыми білімдердің, қазақстандық қоғамның өмір бойына өзін-өзі дамытуымен білім алуы үшін қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын қолданудың жалпы құзіреттіліктері, қазіргі әлемдегі құзіреттіліктері мен сыни тұрғыда ойлауының; нақтылы ғылымды зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолданудың дағдылары негізінде өзіндік адамгершілік және азаматтық ұстанымдарының қалыптасуы.		
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері		
1ОН	Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін біледі және түсінеді		
2ОН	Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалар жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен категорияларын, экономикалық, экологиялық және салалық заңнаманың маңызды нормаларының білімі мен түсінігін көрсетеді		
3ОН	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама шеңберінде экономикалық, экологиялық, құқықтық және моральдық жауапкершілік шаралары туралы біледі		
4ОН	Микро және макродеңгейдегі экономикалық, құқықтық, экологиялық жағдайды талдай алады және қазіргі қоғамның даму заңдылықтарының шеңберінде ғылыми негізделген		



	шешімдер қабылдай алады.	
5ОН	Жеке моральдық және азаматтық ұстанымын дамытады	
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері
	1ОН-5ОН	ОН1 Кең ой-өрісі мен ойлау мәдениеті бар жан-жақты тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық, әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдары саласындағы білім мен дағдыларды көрсету және қолдану
	1ОН-5ОН	ОН3 Пациенттермен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тұлғааралық және коммуникативтік дағдыларды көрсету.
	1ОН-4ОН	ОН10 Дәлелді медицина негізінде пациенттердің нәтижелерін зерттеу және бағалау, ғылыми дәлелдерге негізделген емдеу принциптерін бағалау және енгізу қабілетін көрсету.

6. Пән туралы толық ақпарат

6.1 Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер», «Әлеуметтік-қоғамдық пәндер», «Гигиена және эпидемиология» кафедралары. Тоқаев көшесі 27, 3 қабат, 1-9; 10-17 аудиториялар. Элект.почта: kazakstan_tarih@mail.ru; filos.ukma@mail.ru, Аль-Фараби, 1, оқу корпусы №4, 3-4 қабат, 1-10 ауд. Телефон: 408222 (ішкі. 4013). gigienakafedra@mail.ru
Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, "ОҚМА" АҚ сайтындағы CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар арқылы және/немесе электрондық пошта арқылы хабарлауға болады.

6.2	Сағат саны 150	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.саб ақ	ОБӨЖ	БӨЖ
		10	40		15	85
1 кредит	Ғылыми зерттеу әдістері	2	8		3	17
1 кредит	Құқық негіздері	2	8		3	17
1 кредит	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	2	8		3	17
1 кредит	Экономикалық сауаттылық және кәсіпкерлік дағдылары	2	8		3	17
1 кредит	Экология және тіршілік қауіпсіздігі	2	8		3	17

6.3 Пәнді оқыту жоспары:

апта/ күні	Пән атауы	Дәріс	Тәжір. сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
1 апта	Ғылыми зерттеу әдістері	1	3	1	5
2 апта	Ғылыми зерттеу әдістері	1	3	1	6
3 апта	Ғылыми зерттеу әдістері	-	2	1	6



4 апта	Құқық негіздері	1	3	1	5
5 апта	Құқық негіздері	1	3	1	6
6 апта	Құқық негіздері	-	2	1	6
7 апта	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	1	3	1	5
8 апта	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	1	3	1	6
9 апта	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	-	2	1	6
10 апта	Экономикалық сауаттылық және кәсіпкерлік дағдылары	1	3	1	5
11 апта	Экономикалық сауаттылық және кәсіпкерлік дағдылары	1	3	1	6
12 апта	Экономикалық сауаттылық және кәсіпкерлік дағдылары	-	2	1	6
13 апта	Экология және тіршілік қауіпсіздігі	1	3	1	5
14 апта	Экология және тіршілік қауіпсіздігі	1	3	1	6
15 апта	Экология және тіршілік қауіпсіздігі	-	2	1	6

7. Оқытушылар туралы мәліметтер			
№	ТАЖ	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі
1	Нуржанбаева Жанат Оралбаевна	PhD докторы, кафедра меңгерушісі	nurzhanbayevaz@mail.ru
2	Турадилов Мейрбек Унербекович	Т.ғ. к., доцент м.а.	mr.sk312@mail.ru
3	Айдарбекова Галия Сарыбаевна	Т.ғ. к., доцент м.а.	Aidarbekova_70@mail.ru
4	Еркинбекова Асем Сейтжаппаровна	Магистр, аға оқытушы	acem2769@mail.ru
6	Каратаева Фарида Муслимовна	Экономика магистрі, аға оқытушы	kfarida68@bk.ru
6	Оразова Мереке Мамыровна	Магистр, аға оқытушы	Anara.ma@mail.ru

8. Тақырыптық жоспар						
Апта/күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы /	Бағалау әдістері/формалары



				әдістері	
1	Дәріс. Тақырыбы Ғылыми білім және оның қазіргі өркениеттегі рөлі. Ғылыми білімнің құрылымы.	Ғылыми білімнің ерекшелігі. Ғылыми білім деңгейлері. Ғылыми танымның формалары. ғылыми гипотеза. Ғылыми теория. Парадигма, дүниенің ғылыми суреті. Ғылымның функциялары. Эмпирикалық білім. теориялық білім. Ғылыми танымның әдістері. Әдістеме, әдістер, техника туралы түсінік. Жүйелік-құрылымдық көзқарас. Ғылыми танымның әдістерінің классификациясы.	ОН1 ОН4	1	Шолу Кері байланыс (блиц-сауал)
	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру. Ғылыми зерттеудің әдістері мен әдіснамасы.	Ғылыми ақпаратты іздеу, жинақтау және өңдеу. ҒЗТҚЖ кезектілігімен танысу. Зерттеу жұмысының кезеңдері. Зерттеу әдістемесінің мәні. Зерттеу объектісі мен пәнінің анықтамасы. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау.	ОН1 ОН4	3	Дебат, миға шабуыл Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Ғылым және қоғам	Қазіргі қоғамдағы ғылымның рөліне көзқарастар: сциентизм және антисциентизм.	ОН1 ОН4	1/4	Эссе, презентация БӨЖ арналған тексеру парағы
2	Дәріс. Тақырыбы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары	Рефераттар және баяндамалар. Курстық жұмыстар. Дипломдық жұмыстар. Студенттік жұмыстардың мазмұны мен безендірілуіне қойылатын талаптар.	ОН1 ОН4	1	Ақпараттық Кері байланыс (блиц-сауал)
	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Зерттеудегі танымның ғылыми әдістері	Ғылыми зерттеулердің жалпы схемасы. Ғылыми таным әдістері. Экспериментальды ғылыми зерттеулер және оны жүзеге асыру. Нейрондық желілер мен жасанды интеллектті ғылыми зерттеулерде	ОН1 ОН4	3	Пікірталас Ауызша сұрау



		қолдану, практикалық аспектілері.				
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1.Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы. 2.Ғылыми медициналық зерттеулерде нейрондық желілерді және жасанды интеллектті пайдалану.	1.Ғылыми зерттеулердің әдісі және әдіснамасы түсінігі. Ғылыми зерттеулердің философиялық және жалпы әдістері. 2.Ғылыми медициналық зерттеулерде нейрондық желілерді және жасанды интеллектті пайдалану, артықшылығы мен кемшіліктері	ОН1 ОН4	1/5	Презентация, эссе	БӨЖ арналған тексеру парағы
3	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Ғылыми зерттеу үшін ақпаратты іздеудің негізгі әдістері. Ғылыми еңбектер зияткерлік меншік және авторлық құқықты қорғау ретінде.	Ақпараттың құжаттық көздері. Ақпараттың құжаттық көздерін іздеу. Халықаралық библиографиялық және абстрактілі деректер қорын және мақалалардың дәйексөздерін қадағалау құралдарын пайдалану. Ғылыми зерттеулердің бірегейлігі туралы түсінік. Ғылыми зерттеудегі авторлық құқық.	ОН1 ОН2 ОН4 ОН5	2	Дөңгелек үстел	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Ғылыми мақалаларды түпкілікті талқылау және талдау.	Құжаттың мәтіндік ресімдеуге қойылатын қазіргі талаптарға сәйкестігі, ауыр және күрделі конструкциялардың болмауы, кәсіби терминологияны қолданудың орындылығы, ұсынылған дәлелдемелердің сапасы мен олардың салмақтылығы, дәлелдеу схемасын қолдану сапасы мен көлемі. , дәйексөздердің және олардың зерттелетін тақырыпқа сәйкестігін, мәтіннің құрылымдық құрамдас элементтерінің байланысын тексеру. Талдау жоспары: Ғылыми басылымның формальды сипаттамасы Автор. Анотация.	ОН1 ОН2 ОН4 ОН5	1/5	Контент-талдау	БӨЖ арналған тексеру парағы



		Тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы. Стилистикалық сәйкестілік. Баяндаудың реттілігі. Пайдаланылған әдебиеттердің сапасы. Толық сипатталған әдіснама.				
4	Дәріс. Тақырыбы Мемлекет және құқықтың негізгі ұғымдары мен категориялары. Қазақстан Республикасының конституциялық және әкімшілік құқығының негіздері.	Мемлекеттің мәні, белгілері және функциялары. Құқықтың пайда болуы, түсінігі және белгілері. Құқықтың принциптері мен функциялары. Конституциялық құқықтың ғылым және құқық саласы ретінде түсінігі, пәні. Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның дамуы. Конституциялық құрылыстың негіздері. Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық негіздері. Әкімшілік құқықтың пәні мен әдісі.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	1	Обзорная	Кері байланыс (блиц-сауал)
	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың негізгі ұғымдары. Қазақстан Республикасының конституциялық және әкімшілік құқығының негіздері.	Мемлекет туралы түсінік, пайда болу теориясы. Мемлекеттің белгілері, қызметі және нысаны. Құқықтың анықтамасы және негізгі белгілері. Құқықтық принциптер. Құқықтың қайнар көздері. Конституциялық құқықтың ғылым және құқық саласы ретінде түсінігі, пәні. Конституциялық-құқықтық нормалар. Конституциялық-құқықтық қатынастар және олардың субъектілері. Конституциялық құқықтың қайнар көздері, принциптері, жүйесі. Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның дамуы. Қазақстан Республикасының	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау



	әкімшілік құқығының пәні, әдісі және жүйесі. Әкімшілік құқықтың дереккөздері.				
ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы ҚР сайлау құқығы	Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының сайлау құқығының қағидаттары. ҚР сайлау органдары.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	1/4	Контент-талдау	БӨЖ арналған тексеру парағы
5 Дәріс. Тақырыбы Қазақстан Республикасы азаматтық және отбасы құқығының негіздері.	Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, принциптері. Азаматтық құқықтың қайнар көздері мен жүйесі. Отбасы құқығының пәні, принциптері және қайнар көздері. Отбасы құқығы бойынша неке және соған байланысты құқықтық қатынастар. Алименттік қатынастар. Еңбек құқығының түсінігі, пәні және әдісі. Еңбек шарты: түсінігі, тараптары, мазмұны. Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні және принциптері. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері. Қылмыстық жауапкершілік түсінігі. Қылмыстың классификациясы.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	1	Тақырыптық	Кері байланыс, (блиц-сауал)
Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Қазақстан Республикасының азаматтық және отбасы, финастық және еңбек құқығының негіздері.	Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының түсінігі. Азаматтық құқықтық реттеу түсінігі, пәні, әдісі. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі түсінігі. Мәмілелер және азаматтық құқықтық қатынастардың туындауының басқа да негіздері. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының түсінігі мен принциптері. Некелік-отбасылық заңнама. Некенің аяқталуы және тоқтатылуы.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау



Қорғаншылық, қамқоршылық, түсінігі, жалпы сипаттамасы. Отбасы мүшелерінің алименттік қатынастары. Қазақстан Республикасының қаржы құқығының түсінігі, пәні, әдісі. Қаржылық бақылаудың түсінігі, міндеттері, түрлері және әдістері. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі. Бюджеттердің түрлері мен деңгейлері. Қазақстан Республикасының салық жүйесі. Салық төлеушілер, олардың құқықтары мен міндеттері. Еңбек құқығының пәні, әдісі, жүйесі және дереккөздері. Жұмыспен қамту және жұмыспен қамтудың құқықтық негіздері. Жеке еңбек шарты. Ұжымдық шарттар мен келісімдер.

ОБӨЖ/БӨЖ
БӨЖ тапсырмасы
Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің негізгі ережелері. Денсаулықты қорғау саласындағы құқық бұзушылықтар.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. Фармацевтика және медицина қызметкерлерінің құқықтық жағдайы, оларды әлеуметтік қамтамасыз ету. Денсаулық сақтау және медициналық көмек алу құқығы. Халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін әкімшілік құқық бұзушылықтар. Халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар.

ОН2
ОН3
ОН4
ОН5

1/5

Конспект жазу, презентация

БӨЖ арналған тексеру парағы

6 **Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы**
Қазақстан Республикасы

Қылмыстық құқық түсінігі, қылмыстық құқықтың принциптері, міндеттері және қайнар көздері.

ОН2
ОН3
ОН4
ОН5

2

Шағын топпен жұмыс

Ауызша сұрау

құқығының қылмыстық, экологиялық және жер құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары.

Қылмыс пен қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі мен белгілері. Қылмыстың категориялары. Экологиялық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі және жүйесі. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың негізгі принциптері. Табиғи ресурстарға меншік құқығының жалпы сипаттамасы, табиғи ресурстарды пайдалану құқығы. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесінің жалпы сипаттамасы және анықтамасы.

ОБӨЖ/БӨЖ
БӨЖ тапсырмасы
Халықаралық құқық негіздері.

Халықаралық құқық түсінігі, мәні, мақсаттары мен міндеттері. Халықаралық құқықтың қайнар көздері. Халықаралық құқықтың субъектілері. Халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасының арақатынасы. Халықаралық құқықтың принциптері.

ОН2
ОН3
ОН4
ОН5

1/5

Контент-талдау

БӨЖ арналған тексеру парағы

7
Дәріс. Тақырыбы
«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі және оның шығу тарихы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуы.

Сыбайлас жемқорлық түсінігі, тарихи кезеңдердегі сыбайлас жемқорлық ұғымының көрініс беруі. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің дамуы тарихы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие және білім беру.

ОН2
ОН3

1

Шолу

Кері байланыс, (блиц-сауал)



	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ұлттық негіздері.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет түсінігі, парасаттылық сана ұғымының мәні. Ұлттық құндылықтардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру негіздері.	ОН2 ОН3	3	Дебат, рөлдік ойындар	Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Сыбайлас жемқорлықтың мәні және оның шығу себептері. Шет елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.	Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының себептері және шарттары. Шетелдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәжірибесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ынтымақтастық.	ОН2 ОН3	1/4	Пікірталас, салыстырмалы талдау, эссе қорғау	БӨЖ арналған тексеру парағы
8	Дәріс. Тақырыбы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қалыптасуы.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуы мен даму кезеңдері.	ОН2 ОН3	1	Тақырыптық	Кері байланыс, (блиц-сауал)
	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Сыбайлас жемқорлық құқықтық жауапкершілік үшін жемқорлық құқық бұзушылық және жауапкершілік оған құқықтық жауапкершілік.	Тәртіптік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және құқықтық жауапкершілік. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және оған құқықтық жауапкершілік. Қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және оған құқықтық жауапкершілік.	ОН2 ОН3 ОН5	3	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау №1	Өткен тақырыптар бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруін бақылау. Дәріс (1-8), тәжірибелік сабақтардың (1-8), БӨЖ (1-7) тақырыптары.	ОН1- ОН5	1/5	Тестілеу, жазбаша жұмыс	Тексеру парағы
9	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ісіндегі діни	ОН2 ОН3	2	Дебат, рөлдік	Тестілеу, ауызша,



	Түрлі өндірістік салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекеті үшін моральдық-этикалық жауапкершілік.	ережелер мен құндылықтар. Қоғамдағы моральдық-этикалық жауапкершілік. Еңбек ұжымындағы моральдық-этикалық жауапкершілік.	ОН5		ойындар	жазбаша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тетіктері және даму институттары.	Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудағы отбасы рөлі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тетігі ретінде қоғамдық бақылау. Саяси партиялар мен БАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру құралдары ретінде. Сыбайлас жемқорлық тәртіптің психологиялық тетіктері.	ОН2 ОН3 ОН5	1/5	Пікірталас, салыстырмалы талдау, эссе қорғау	БӨЖ арналған тексеру парағы
10	Дәріс. Тақырыбы Экономикалық теорияның пәні және зерттеу әдістері. Нарық және оның реттеу механизмі.	Экономикалық теорияның пәні мен қызметі. Қоғамдық өндіріс және оның құрылымы. Меншіктің экономикалық және құқықтық мазмұны. Нарық: түрлері, құрлымы, үлгілері. Сұраныс және ұсыныс теорияларының негізі. Конкуренция және монополия.	ОН2 ОН4	1	Ақпараттық	Кері байланыс (блиц-сауал)
	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Қоғамның экономикалық дамуының жалпы негіздері. Нарық механизмдері. Денсаулық сақтау экономикасы.	Экономикалық теорияның негізгі даму кезеңдері. Экономикалық теорияның пәні, қызметі және таным әдістері. Қоғамның шексіз қажеттіліктері. Шектеулі экономикалық ресурстар, оларды тиімді пайдалану. Меншіктің экономикалық және құқықтық мазмұны. Меншіктің субъектісі мен объектісі. Меншіктің типтері мен түрлері. Ақшаның пайда болуы, мәні және оның қызметтері. Ақша, есеп айырысу және	ОН2 ОН3 ОН4	3	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау



		<p>төлемдер. Нарықтың мәні және түрлері. Нарық құрылымы және оның классификациясы. Нарық инфрақұрылымның негізгі элементтері. Бәсеке: түсінігі және түрлері. Сұраныс және ұсыныс теориясы. Денсаулық сақтау экономикасының мәселелері.</p>				
	<p>ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. ХҮІ-ХҮІІ ғ.ғ. ойшылдар. А.Смиттің «Көрінбейтін қол» принципі. 2. Экономикалық ілімдердің пайда болуы және экономикалық ғылымның даму кезеңдері. 3. Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру. 4. Медициналық қызметтер нарығындағы бәсекелестік. 5. Жеке қаржы: кіріс, шығыс, бюджет. 6. Бағалы қағаздар нарығының мәні мен құрылымы</p>	<p>1. А.Смиттің экономикалық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы. «Көрінбейтін қол» түсінігі және оның нарықтық экономиканы түсіндірудегі рөлі. 2. Меркантилизм. Физиократтар. классикалық мектеп. Марксизм. маржинализм. Монетаризм. Кейнсиандық. Институционализм. 3. Бәсеке: оның түрлері және экономикалық рөлі. Марксизм классиктері бәсеке жөнінде. Бәсекеге жаңа көзқарас. Қазақстан экономикасындағы бәсеке. Медициналық қызмет нарығындағы бәсеке. 4. Медициналық қызметтер нарығындағы бәсекелестік. 5. Жеке қаржы түсінігі, кіріс, шығыс, бюджет. 6. Бағалы қағаздар нарығының мәні мен құрылымы</p>	<p>ОН2 ОН3 ОН4</p>	<p>1/4</p>	<p>Пікірталас, эссе, реферат, презентация қорғау</p>	<p>БӨЖ арналған тексеру парағы</p>
11	<p>Дәріс. Тақырыбы. Ұлттық экономика: мазмұны, құрылымы және нәтижесін өлшеу. Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың тұрақсыздығы.</p>	<p>Ұлттық экономиканың құрылымы. Ұдайы өндірістің экстенсивті және интенсивті түрлері. Негізгі макро-экономикалық көрсеткіштер. Ұлттық байлық: мазмұны мен құрылымы. Медициналық және фармацевтикалық салаларында қазақстандық кластерлер жүйесін құру.</p>	<p>ОН2 ОН3 ОН4 ОН5</p>	<p>1</p>	<p>Шолу</p>	<p>Кері байланыс (блиц-сауал)</p>



		<p>Экономикалық өсу: мәні, көрсеткіштері. Экономиканың циклді дамуы экономикалық динамиканың негізгі үлгісі.</p>				
<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Ұлттық экономика жүйе ретінде</p>		<p>Ұлттық экономиканың құрылымы. Ұдайы өндірістің экстенсивті және интенсивті түрлері. Негізгі макро-экономикалық көрсеткіштер. Ұлттық байлық: мазмұны мен құрылымы. Медициналық және фармацевтикалық салаларында қазақстандық кластерлер жүйесін құру. Экономикалық өсу: мәні, көрсеткіштері. Экономикалық циклдің фазалары. Инфляцияның мәні, оның себептері және түрлері. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары. Жұмыссыздық: мәні, себептері мен нысандары. Оукен заңы. Медициналық қызметтер нарығындағы жұмыссыздық.</p>	<p>ОН2 ОН3 ОН4 ОН5</p>	<p>3</p>	<p>TBL</p>	<p>Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау</p>
<p>ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Қазақстандағы еңбек нарығы. 2. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы – жасыл ел экономикасына көшуі. 3. Қазақстан экономикасының жеделдетілген технологиялық жанғыруы</p>		<p>1. Жұмыссыздықтың себептері, түрлері және типтері. Қазақстандағы жұмыссыздықты талдау және оны қысқартудың бағыттары. Медициналық қызмет нарығындағы жұмыссыздық. Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін жоғарылатуға бағытталған мемлекеттің саясаты. 2. Қазақстанда индустриалды-инновациялық саясатты жүргізудің қажеттілігі және оның мәні. Индустриалды даму – Қазақстанның жасыл экономикаға көшуінің негізі ретінде. 3. Қазақстан экономикасының</p>	<p>ОН2 ОН3 ОН4</p>	<p>1/5</p>	<p>Пікірталас, эссе, реферат, жоба қорғау</p>	<p>БӨЖ арналған тексеру парағы</p>



		жеделдетілген технологиялық жанғыруыдың басым бағыттары. Цифровой Қазақстан.				
12	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Жеке кәсіпкерлік және стартап. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу	Кәсіпкерліктің пайда болу тарихы мен мәні. Кәсіпкерлік қызметтің даму шарттары. Кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары. Кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары. Кәсіпкерлік қызметтегі бизнес-жоспар. Кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау. Жеке тұлғалардың банкроттығы. Мемлекеттік реттеу: мақсаты, қызметтері, құралдары. Қаржы жүйесі. Қаржы нарықтары және инвестициялаудың негіздері Мемлекеттік бюджет. Салықтар. Жеке тұлғалардың салықтары мен салық салуы. Кредит және оның түрлері. Тұтынушыға арналған банктің қызметтері	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	2	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Медициналық тауарлар мен қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттары. 2. Денсаулық сақтау саласындағы кіші және орта бизнестің дамуы. 3. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту. 4. Медициналық сақтандыру: жағдайларының ерекшеліктері.	1. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың теориялық және тәжірибелік мәселелері. 2. Шағын және орта бизнестің дамуы. ҚР-ғы ШОБ табысты даму шарттары. ҚР-ғы ШОБ мемлекеттік қолдау шаралары. 3. Бизнес-Даму қолдау бағдарламасы. Қазақстандағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу. ҚР-дағы кәсіпкерліктің дамуының басым бағыттары. 4. Медициналық сақтандыру: жағдайларының ерекшеліктері.	ОН2 ОН3 ОН4	1/5	Пікірталас, эссе, реферат, презентация қорғау	БӨЖ арналған тексеру парағы



	<p>5. Өмірді сақтандыру: түсінігі және түрлері.</p> <p>6. Кәсіпкерліктің дамуында жасанды интелектің орны мен ролі.</p> <p>7. Өнтүстік Корея, Сингапур және Гонконг қазіргі даму кезеңінде.</p> <p>8. COVID-19 Пандемия кезіндегі Қытайдың экономикалық дамуының ерекшеліктері.</p>	<p>5. Өмірді сақтандыру: түсінігі және түрлері.</p> <p>6. Кәсіпкерліктің дамуында жасанды интелектің орны мен ролі.</p> <p>7. Өнтүстік Кореяның экономикасы. Сингапурдың экономикасы қазіргі даму кезеңінде. Гонконг экономикасы. Медициналық қызметтің даму ерекшеліктері</p> <p>8. ҚХР сыртқы экономикалық қатынастары. Қытайдың нарықтық экономикаға өтуінің кезеңдері мен проблемалары. Қытайдың қазіргі кезеңдегі экономикалық жетістіктері.</p>				
13	<p>Дәріс. Тақырыбы Кіріспе. Заманауи өркениеттің экологиясы мен мәселелері</p>	<p>Экологияны ғылым ретінде анықтау. Экологияның мақсаты, міндеттері және әдістері. Экологияның даму тарихы, оның дамуының кезеңі.</p>	<p>ОН2 ОН3 ОН4 ОН5</p>	1	Шолу	Кері байланыс (блиц-сауал)
	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Ағзалардың тіршілік ортасы. Экологиялық факторлар.</p>	<p>Өмір сүру ортасын, оның тірі ағзалар үшін маңызын, экологиялық факторларды және олардың ағзаға әсер етуінің жалпы заңдылықтарын зерттеу. Популяция туралы түсінік.</p>	<p>ОН3 ОН4 ОН5</p>	3	Шағын топпен жұмыс	Ауызша сұрау
	<p>ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Экожүйелердің негізгі энергетикалық типтері және олардың ерекшеліктері. 2. Жасыл экономика және тұрақты даму.</p>	<p>1. Экожүйелердің жіктелуі. Экожүйедегі энергетикалық ағындар. Экожүйедегі зат алмасу. 2. Экономиканың экологиялық шарттылығы. Табиғи орта экономикалық дамудың негізі ретінде. Өндірістік және табиғи потенциалдарды салыстыру</p>	<p>ОН3 ОН4 ОН5</p>	1/4	Реферат, презентация,	БӨЖ арналған тексеру парағы
14	<p>Дәріс. Тақырыбы Биосфераның құрылысы. Биосферадағы</p>	<p>Заттар айналымының ролі: үлкен (геологиялық) және кіші (Биогеохимиялық). Биогеохимиялық циклдар: көміртегі, азот, оттегі,</p>	<p>ОН3 ОН4 ОН5</p>	1	Шолу	Кері байланыс (блиц-сауал)



<p>биогеохимиялық үрдістер.</p>	<p>фосфор, күкірт. Экожүйелердің гомеостазы туралы түсінік. Өзін-өзі реттеу механизмдері.</p>				
<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы 1. Адам қоғамын табиғи ресурстармен қамтамасыз ету мәселесі. 2. Қоршаған орта және халықтың денсаулығы</p>	<p>1. Адамның Жердің табиғи ресурстық әлеуетіне әсері. 2. Қоршаған ортаның антропогендік физикалық, химиялық және биологиялық факторлары және олардың адам денсаулығына әсері.</p>	<p>ОН3 ОН4 ОН5</p>	<p>3</p>	<p>Шағын топпен жұмыс</p>	<p>Ауызша сұрау</p>
<p>ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Қазіргі қалалардың экологиялық мәселелері. 2. Қазіргі ауылдық елді мекендердің экологиялық мәселелері. 3. Қоршаған ортаның радиоактивті заттармен техногендік ластануының салдары және халықтың денсаулығына әсері. 4. Бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар кезінде емдеу-профилактикалық мекемелерді дайындау.</p>	<p>1. Урбанизация"ұғымы. мәселелері қазіргі жағдайы. Қазақстан қалаларындағы экологиялық жағдайдың ерекшеліктері. Қазіргі қаланың мәселелерін шешу жолдары. 2. Ауылдық елді мекендердің экологиялық мәселелері. Мал шарушылығының экологиялық мәселесі. 3. ҚО техногендік ластануының мәні және қо техногендік ластану себептері, радиоэкология түсінігі. Иондаушы сәулеленудің түрлері, олардың сипаттамасы, радиоактивті заттардың тұрғындар денсаулығына әсері. 4. Медициналық мекемелерді төтенше жағдайларға</p>	<p>ОН3 ОН4 ОН5</p>	<p>1/5</p>	<p>Реферат, презентация, эссе</p>	<p>БӨЖ арналған тексеру парағы</p>
<p>15 Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Табиғи, техногендік және биологиялық сипаттағы төтенше жағдайларда медициналық қамтамасыз ету</p>	<p>Төтенше жағдайлар кезінде халықты медициналық қамтамасыз ету дағдыларын қалыптас-тыру; алғашқы және алғашқы медициналық көмек көрсетуге үйрету.</p>	<p>ОН2 ОН3 ОН4 ОН5</p>	<p>2</p>	<p>Дебат</p>	<p>Ауызша, жазбаша сұрау</p>



ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау № 2	Өткен тақырыптар бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруін бақылау. Дәріс (5-8), тәжірибелік сабақтардың (9-15), БӨЖ (9-14) тақырыптары.	ОН1-ОН5	1/5	Тестілеу, жазбаша жұмыс	Тексеру парағы
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу			15		

9.	Оқыту және бағалау әдістері				
9.1	Дәріс	Шолу, тақырыптық, ақпараттық			
9.2	Тәжірибелік сабақ	ТВЛ, дебат, миға шабуыл, ролдік ойындар, дөңгелек үстел, шағын топпен жұмыс: ауызша және жазбаша сұрау, тестілеу, тапсырмаларды орындау, тақырып сұрақтарын талқылау, жағдаяттық тапсырмаларды шешу			
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ	Пікірталас, тапсырмаларды орындау, тақырып сұрақтарын талқылау, конспект жазу, эссе, реферат, презентация, жоба қорғау, контент-талдау			
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу, жазбаша жұмыс			

10	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқу нәтижелерін бағалау критерийлері				
ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін біледі және түсінеді	1. Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін білмейді және түсінбейді.	1. Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін жеткілікті түрде ашпайды; 2. Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдері мен ғылыми мәліметтерді өңдеу әдістерінің байланысын тәжірибеде толық пайдаланбайды және түсіндірмейді.	1. Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін жалпылайды. 2. Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін байланыстырады.	1. Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін интерпретациялайды. 2. Ғылыми зерттеулердің негізгі кезеңдерін және ғылыми деректерді өңдеу әдістерін салыстырады және айырмашылығын көрсетеді.
ОН 2	Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары	1. ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық	1. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары	1. ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық	1. ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық



жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен категориялары н, экономикалық, экологиялық және салалық заңнаманың маңызды нормаларының білімі мен түсінігін көрсетеді

және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнаманың және экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын жүйелей алмайды;
2. ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнаманың және экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын тұжырымдай алмайды;
3. ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнама мен экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын сипаттай алмайды.

жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен категорияларын, экономикалық, экологиялық және салалық заңнаманың маңызды нормаларын жеткіліксіз сипаттайды.
2.ҚР Конституциясының нормаларына, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарына, салалық заңнаманың және экономикалық, экологиялық маңызды нормаларына толықтай шолу жасамайды.
3. ҚР Конституциясының нормаларын, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнама мен экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын ішінара таниды

және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнама мен экономикалық теорияның маңызды нормаларын өрескел қателіктер жіберместен талдайды;
2. Құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнама мен экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын бөліп көрсетеді және жалпылайды.
3.ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнаманың және экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын жіктейді.

және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнаманың және экономикалық теорияның маңызды нормаларын бағалайды және қорытынды жасайды.
2. ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнаманың және экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын салыстырады.
3. ҚР Конституциясының нормалар жүйесін, құқық және мемлекет теориясының негізгі анықтамалары мен санаттарын, салалық заңнаманың және экономикалық, экологиялық маңызды нормаларын



			және жеткізеді.		талдайды.
ОНЗ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама шеңберінде экономикалық, экологиялық, құқықтық және моральдық жауапкершілік шаралары туралы біледі	1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін құқықтық және моральдық жауапкершіліктің көлемін білмейді. 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнаманы көрсете алмайды.	1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық және моральдық жауапкершілік шараларын толықтай сипаттамайды. 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнаманы ішінара интерпретациялайды.	1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық және моральдық жауапкершілік шараларын жүйелейді. 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнаманы түсіндіреді.	1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық және моральдық жауапкершілік шараларын жүйелейді. 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнаманы түсіндіреді.
ОН4	Микро және макродеңгейдегі экономикалық, құқықтық, экологиялық жағдайды талдай алады және қазіргі қоғамның даму заңдылықтарының шеңберінде ғылыми негізделген шешімдер қабылдай алады.	1. Экономикалық, құқықтық, экологиялық категориялар мен заңдарды білмейді; 2. Саланың, нарықты және жалпы экономиканы талдаудың негізгі принциптері мен заңдылықтарын сипаттамайды.	1. Экономикалық, құқықтық, экологиялық заңдар мен категориялардың мәнін толық түсіндірмейді. 2. Экономикалық ғылымның әдістерін толықтай жіктемейді; 3. Саланың, нарықты және жалпы экономиканы талдаудың негізгі принциптері мен заңдылықтарын толық сипаттамайды.	1. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мінез-құлық ерекшеліктерін микро- және макродеңгейде талдау үшін экономикалық, құқықтық, экологиялық заңдардың маңыздылығын жүйелейді; 2. Экономикалық ғылымның әдістерін жіктейді және сипаттайды; 3. Микро- және макроэкономиканың принциптерін, заңдылықтарын және үлгілерін пайдалана отырып, нарықтың және жалпы экономиканың секторларына	1. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мінез-құлық ерекшеліктерін микро және макродеңгейде талдау үшін экономикалық, құқықтық, экологиялық заңдардың маңыздылығын бағалайды және жүйелейді; 2. Нарық конъюнктурасын және тұтынушылар мен өндірушілердің мінез-құлықын талдау үшін экономикалық ғылымның әдістері мен заңдылықтарын пайдаланады; 3. Қазіргі

